

*Г.М. Какенова<sup>1</sup>, З.А. Какенова<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>т.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

*<sup>2</sup> PhD доктор, доцент м.а.№, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ,  
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан*

## **XX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫНДАҒЫ АҚШ-НЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

### *Аңдатпа*

Мақалада АҚШ-тың сыртқы саясатының теориялық негіздерін зерттеу мәселелері талқыланады. Көптеген онжылдықтар бойы АҚШ халықаралық қатынастардың маңызды акторларының бірі боп табылады. Қырғи-қабақ соғысынан кейінгі кезең – АҚШ-тың сыртқы саясатындағы маңызды кезеңдердің бірі. Осы уақытта елдің академиялық ортасында АҚШ-тың халықаралық қатынастар құрылымындағы жаңа рөлі туралы да пікірталас орын алды. АҚШ-ты жалғыз күш орталығы деп атап, американдық зерттеушілер «бірполярлы» әлем идеясын ұсынды. Американдық ғалымдар мен зерттеушілердің идеялары сол кездегі американдық саяси көшбасшылардың сөздерінде басым болды: Америка Құрама Штаттары – әлемдік көшбасшы, ал оның міндеті – либералды демократиялық құндылықтарға негізделген жаңа халықаралық саяси және экономикалық тәртіпті құру. Демократиялық құндылықтарды тарату идеялары және демократиялық бейбітшілік теориясы қырғи-қабақ соғыстан кейін АҚШ-тың сыртқы саясатының қалыптасуы мен дамуына айтарлықтай әсер етті. Мақалада осы теориялардың мазмұны мен мәні, олардың негізгі принциптері және осы теориялардың АҚШ-тың сыртқы саясатындағы алатын орны қарастырылған.

**Түйін сөздер:** АҚШ-тың сыртқы саясаты, бірполярлық, көпполярлық, демократиялық бейбітшілік теориясы, ұлттық қауіпсіздік стратегиясы.

*G.M. Kakenova<sup>1</sup>, Z.A. Kakenova<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> Doctor of Historical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU,  
Nur-Sultan, Kazakhstan*

*<sup>2</sup> PhD, acting Associate Professor, L.N. Gumilyov ENU,  
Nur-Sultan, Kazakhstan*

## **FORMATION OF THEORETICAL FOUNDATIONS OF THE U.S. FOREIGN POLICY AT THE END OF THE XX CENTURY**

### *Abstract*

The article discusses approaches to the study of the theoretical foundations of the U.S. foreign policy. For decades, the United States has been one of the most important actors in international relations. The post-Cold War period is one of the most important periods in the U.S. foreign policy. At this time, scholars also debate the new role of the United States in the structure of international relations. Singling out the United States as the only center of power, American researchers supported the idea of a “unipolar” world. The ideas of American scholars and researchers dominated the words of American political leaders of the time: the United States is a world leader, and its mission is to establish a new international political and economic order based on liberal democratic values. The ideas of spreading democratic values and the theory of a democratic peace have had a significant impact on the formation and development of the U.S. foreign policy after the Cold War. The article examines the content and essence of these theories, their basic principles, and the reflection of these theories in the foreign policy of the United States.

**Key words:** the U.S. foreign policy, unipolarity, multipolarity, theory of a democratic peace, national security strategy.

*Г.М. Какенова<sup>1</sup>, З.А. Какенова<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>д.и.н., профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,  
Нур-Султан, Казахстан  
<sup>2</sup>доктор PhD, и.о. доцента, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,  
Нур-Султан, Казахстан

## ФОРМИРОВАНИЕ ТЕОРЕТИЧЕСКИХ ОСНОВ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ США В КОНЦЕ XX ВЕКА

### Аннотация

В статье рассматриваются подходы к изучению теоретических основ внешней политики США. На протяжении десятилетий США являются одним из весомых акторов международных отношений. Период после окончания холодной войны является одним из важнейших периодов во внешней политике США. В это время и академические круги обсуждают новую роль Соединенных Штатов в структуре международных отношений. Выделяя США как единственный центр силы, американские исследователи поддерживали идею «однополярности» мира. В словах американских политических лидеров того времени преобладали идеи американских ученых и исследователей: Соединенные Штаты являются мировым лидером, и их миссия заключается в установлении нового международного политического и экономического порядка, основанного на либерально-демократических ценностях. Идеи распространения демократических ценностей и теория демократического мира оказали существенное влияние на формирование и развитие внешней политики США после холодной войны. В статье рассматриваются содержание и сущность этих теорий, их основные принципы, и отражение данных теорий во внешней политике Соединенных Штатов.

**Ключевые слова:** внешняя политика США, однополярность, многополярность, теория демократического мира, стратегия национальной безопасности.

Американдық халықаралық қатынастар, саяси ғылымдар саласындағы зерттеуші ғалымдар АҚШ-ның сыртқы саясатын қалыптастыруға және жүзеге асыруға, мемлекеттік лауазымда қызмет етіп тікелей, не білім беру жүйесінде, зерттеу топтарында жұмыс істей отырып жанама қатысады. Қырғи-қабақ соғыс аяқталғаннан кейін саяси және академиялық топтарда халықаралық қатынастар мен халықаралық тәртіптің жаңа құрылымы төңірегінде пікірталасар орын алды. Көптеген зерттеушілер мен аналитиктер әлемде болып жатқан үдерістер жөнінде түрлі пікірлерін білдірді. Кей ғалымдар Рах Америка-ның орнатылуы мен АҚШ-тың айқын үстемдігі туралы айтса, басқалары барлық әлемдік қауымдастықтың қызығушылықтарымен есептесетін кезеңнің, яғни көпполярлық құрылымның пайда болғаны туралы пікірлерін білдірді, ал үшіншілері тіпті полустардың жойылуы туралы да сөз қозғаған еді. Бірақ көбінесе XX ғасырдың аяғында халықаралық тәртіптің негізгі екі моделінің бар болуы позициясы қорғалды: біріншіден, әлем – униполярлы әлемге айналды; екіншіден – әлем көпполярлы әлемге айналды [1].

1990-шы жылдардың басында АҚШ-ның Президенті Дж. Буш, КСРО ыдырауы салдарынан халықаралық аренада бір «полустің» жойылуы туралы мәлімдеді. Нәтижесінде, бұл оқиғалар АҚШ жетекшілік ететін униполярлы әлемнің пайда болуына әкелді деген көзқарасты білдірді. Бұл тезис американдық академиялық топтардың өкілдері арасында қолдау тауып, одан әрі дамуын тапты. Әлемнің униполярлы моделіне сәйкес, халықаралық қатынастар жүйесі өзінің күші мен ықпалымен ерекшеленетін тек бір «күш орталығына» ғана сүйенеді. Аталмыш күш орталығы бүкіл халықаралық қауымдастыққа өз ниетін және шарттарын іске асыруға мәжбүрлейтіндей мүмкіншіліктері бар мемлекет боп табылады. Сонымен қатар, күш орталығы жеке мемлекет не мемлекеттердің бірлестігі болуы мүмкін.

Халықаралық тәртіптің униполярлы сипаты туралы алғаш болып американдық саяси шолушысы Ч. Краутхэммер жазған еді. Өзінің “The Unipolar Moment” мақаласында Краутхэммер қырғи-қабақ соғысынан кейінгі әлем – униполярлы әлем сипатына ие деген пікірді білдіреді. «Бүгін, екінші дәрежелі күштердің жетіспеушілігі байқалмайды. Германия мен Жапония экономикалық қозғалтқыш елдер боп табылады. Ұлыбритания мен Франция дипломатиялық және белгілі бір дәрежеде әскери активтерін дамыта алады. Кеңес Одағы әскери, дипломатиялық және саяси сияқты күштердің бірнеше элементтеріне ие, бірақ бұл күштердің барлығы қазіргі уақытта қарқынды әлсіреуде. Қазіргі уақытта бірінші дәрежелі тек бір күш бар, және жақын болашақта бұл күшпен еш мемлекет бәсекеге түсе алмайды» [1]. «Қырғи-қабақ» соғыстан кейінгі әлемнің геосаяси құрылымы шығанақтағы дағдарыстан кейін біршама өзгерістерге ұшырады. Американың үстемдігі келесідей факторлармен байланысты: ол әскери, дипломатиялық, саяси және экономикалық активтерге ие ел, және әлемнің өзі таңдаған кез келген жеріндегі қақтығыстарда шешуші рөлге ие мемлекет боп табылады [1].

Униполярлықтың одан да ұғынықты анықтамасын американдық зерттеуші Уильям Уолфорд ұсынды. Уолфорд бойынша, бұл «бір мемлекеттің мүмкіндіктері теңдестіру үшін тым үлкен болатын құрылым боп келеді. Мемлекеттің мүмкіндіктері соншалықты үлкен мөлшерде шоғырланған кезді көпполярлықтан (үш не одан да көп аса күшті мемлекеттерден тұратын құрылым) және биполярлықтан (басқа елдерге қарағанда екі аса күшті мемлекеттен тұратын құрылым) өзгешеленетін құрылым пайда болады. Полустік держава орнын иемдену үшін мемлекеттер биліктің барлық компоненттері, яғни, халық саны мен территориясы, ресурстармен қамтамасыз етілуі, экономикалық мүмкіншіліктері, әскери қуат, және құзыреттілік тұрғысынан ұтымды жағдайда болулары керек. 1990 жылы аталған талаптарға екі мемлекет сай болды. Біреуі жойылды. Жаңа полюс пайда болған жоқ: 2-1 = 1. Құрылым униполярлы боп келеді» [2, p. 10].

Американдық зерттеуші Страус, униполярлы әлемнің өзінің тұжырымдамасын ұсынды. Ол полюс шеңберінде мемлекеттер тобы және бұл топта біршама артықшылықтарға ие жекелеген мемлекеттің бар болуын ұйғарады. «Шын мәнісінде бұл «униполь» боп табылады. Ол (униполь) жаһандық құрылымда үстемдік ететін демократиялық индустриалды мемлекеттерден тұрады. Америка Құрама Штаттары унипольдің ішінде жетекші держава боп табылады. Уполярлық деп белгілі әлем құрылысы эволюциясының түпкі нүктесінің көрінісі деп айтуға болады. Әлемдік жүйе модерн кезеңінен күштің көпполярлы балансынан бастап, ХХ ғасырда биполярлы әлемге келді. Әлем дамуының кезеңдері: копполярлық, биполярлық, униполярлыққа дейін ауысты [3, с. 78].

Бұл орайда, белгілі американдық зерттеуші Зб. Бжезинскидің еңбектерін де атап өту қажет. Оның аса белгілі еңбегі «Ұлы шахмат тақтасының» негізгі идеясы да АҚШ-тың бірінші және жалғыз әлемдік держава болуына саяды. Оның пікірінше, тіпті АҚШ-тың үстемдігі төмендеген кездің өзінде, қазіргі уақыттағы АҚШ иемденетін әлемдік үстемдікке бірде бір мемлекет жете алмайды. Жалпы, 1990-шы жылдар АҚШ академиялық топтарының жұмыстары американдықтардың «қырғи-қабақ соғыстағы» жеңісімен масаттануымен сипатталады және бұл сол кезеңдегі еңбектерде де өз көрінісін тапты. Осылайша, халықаралық қатынастардың жаңа кезеңі, АҚШ жетекшілік ететін униполярлы әлем – Рах Americana-ның қалыптаса бастағаны туралы сөз қозғала бастайды.

АҚШ-тың басқа белгілі зерттеушісі С. Хантингтонның пікірінше, АҚШ-тың үстемдігі, аталмыш мемлекеттің еркін әрі либералды болуымен ақталды. Және осыған орай, АҚШ-тың жаһандық жетекші мәртебесіндегі миссиясы – бүкіл әлем бойынша өзінің идеологиялық құндылықтарын тарату боп табылады. Униполярлық, бір жағынан, басқа мемлекеттер тарапынан АҚШ-қа қатысты қауіптің болмауымен де нығайтылды. Әлемнің униполярлық тәртібінің орнауына АҚШ-тың жетекшілері де мүдделі болды. Американдық саяси жетекшілердің сол уақыттағы сөздерінде американдық ғалымдар мен зерттеушілер қалпытастырып келе жатқан идеялар басым болды: яғни, АҚШ – жаһандық көшбасшы, және оның миссиясы – либералды-демократиялық құндылықтарға негізделген жаңа саяси және экономикалық халықаралық тәртіп орнату боп табылады.

Демократиялық құндылықтарды тарату идеялары және демократиялық бейбітшілік теориясы АҚШ-тың «қырғи-қабақ» соғысынан кейінгі сыртқы саясатының қалыптасып дамуына біршама ықпал етті. Олай болса, бұл теорияның мазмұны мен мәніне, әрі оның негізгі қағидаларына тоқталу қажет деп санаймыз. Бұл халықаралық қатынастардағы аса ықпалды теориялардың қатарына жатады. Демократиялық бейбітшілік теориясының негізінде неміс философы И. Канттың мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясаттарының өзара байланысы туралы идеялары жатыр. Бұл теория негізінде демократиялардың бейбітсүйгіштік туралы тезисі жатыр. Оның қағидалары қазіргі уақыттағы аса ықпалды демократиялық мемлекеттер әрекеттерінің негізінде жатыр: бейбітшілікті нығайту, кедейшіліктен арылу, халықтар арасында өзара түсінісушілікті кеңейту, жалпыадами құндылықтарды көтеру, мемлекеттік билікті орталықсыздандыру, ұлттық азшылықтардың өз-өзін тануға жәрдемдесу, қақтығыстарды шешуді институционализациялау [4].

Демократиялық бейбітшілік теориясын дамытуға Майкл Дойл айрықша күш салды. Ол соғыс пен бейбітшілік туралы дискуссияға Канттың философиялық мұрасын қатыстырды. 1983 жылы, «Философия және қоғамдық істер» журналында шыққан «Кант, либералды мұра мен халықаралық істер» атты мақаласында ол, мемлекеттер өздерінің ішкі саясатында сүйенетін құндылықтарға сыртқы саясатта да сүйенеді деген Канттың идеясын одан әрі дамытты. Дойлдың пікірінше, демократиялық мемлекеттердің құндылықтар ортақтастығы олардың арасындағы бейбітшілік одақтың кеңеюі мен күшеюіне атсалысады. Сонымен қатар, демократиялар арасындағы бейбітшілік одақ автократияларға қатысты агрессивтілікке негізделген [5, p. 232].

1993 жылы Брюс Рассет өзінің «Демократиялық бейбітшілікті түсіну» атты еңбегінде демократиялық бейбітшілік механизмінің толық ұғымын беруге тырысты. Рассеттің пікірінше, демократиялар арасындағы бейбітшіліктің бірінші себебі – ол мәдени-нормативтік себептерге байланысты және ол ішкі және сыртқы саясат мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау механизмі құндылықтық негіздерге сүйенген. Бұл мәселе бойынша Рассеттің аргументациясы Кант идеяларына негізделген. Демократиялар арасындағы бейбітшіліктің екінші себебі – құрылымдық-институционалдық мәселелерге байланысты. Соғыс пен бейбітшілік сұрақтары бойынша авантюристтік саясатты жүргізу мүмкіншіліктері ішкі саяси институционалдық шектеулерді танумен пайымдалады [6, p. 143-144].

Бұл теория Америка Құрама Штаттарының сыртқы саясатына айтарлықтай ықпал етті. Атап айтсақ, АҚШ-тың сыртқы саясатында демократияны тарату болашақтағы соғыстардың алдын алу құралы деп мәлімденеді. 1992 жылдың ақпан айында АҚШ-ның мемлекеттік хатшысы Джеймс Бейкер, қырғи-қабақ соғысы аяқталғаннан кейін АҚШ «демократия, саяси және экономикалық еркіндік сияқты ортақ құндылықтарға негізделген тұрақты бейбітшілік – демократиялық бейбітшілік» орнатуға мүмкіншілікке қол жеткізді деп атап өтеді [7, p. 97].

1990 жылдың тамыз айында қабылданған ұлттық қауіпсіздік стратегиясында Дж. Буш, КСРО ыдырағаннан кейінгі сыртқы саясатты қалыптастыру мәселелеріне тоқталып өтеді. Оның ішінде, саясаттағы басымдықтарды атай отырып, ең алдымен АҚШ-тың еркін және тәуелсіз ұлт ретінде дамуына, оның іргелі құндылықтары мен адамдар мен институттардың қауіпсіздігін сақтай отырып, өзінің одақтастарымен саясатында ұстанатын мәселелері туралы айтып кетеді. Және де демократия мен оның идеялары кең таралып, тұрақты және қауіпсіз әлемде аталған американдық мүдделерге жету тиімдірек боп табылады деп атап кетеді Дж. Буш. Мұнда американдықтар, демократиялық институттар мен адам құқықтары, саяси және экономикалық бостандық сияқты мәселелерді алға қойған болатын. Және бұл мәселелерді іске асыру үшін келесідей сұрақтарды шешу маңызды болды: тұрақты аймақтық үстемдікке ұмтылған державалардың мүдделерін тежеу; аймақтық дауларды дипломатиялық жолмен шешуді қолдау; адам құқықтары мен экономикалық-әлеуметтік прогрестің кепілі болатын еркін, демократиялық саяси институттардың дамуына жәрдемдесу; демократиялық институттарға

баскыншылык, мәжбүрлеу, бүлдіру әрекеті, терроризм мен есірткінің заңсыз айналымы тарапынан түскен қауіптермен күреске жәрдемдесу; экономикалық даму, әлеуметтік және саяси прогресті ынталандыратын сауда және инвестициялық саясатты қолдау [8, p. 3-4].

1990 жылдардың басындағы АҚШ ұлттық қауіпсіздік стратегиясында барлық әлемде ашық, демократиялық және өкілдік саяси жүйелерді дамытуды – стратегияның мақсаттарының бірі ретінде қарастырылады. Адам құқықтарын қадірлеуді қамтамасыз ететін демократиялық жүйелердің демократиялы мен ашық болуы, халықаралық нормаларды қадірлеуді күшейту АҚШ үшін маңызды боп келеді. Шығыс Еуропа мен бұрынғы КСРО елдеріндегі саяси өмірге белсенді қатысуды күшейту АҚШ-тың ұлттық мүдделеріне сай келеді және тарихқа сәйкес өзінің халқымен әрекеттесетін өкілдік үкіметтер өздерінің көрші мемлекеттеріне қатысты агрессияға бармайды. 1991 жылғы АҚШ-ның ұлттық қауіпсіздік стратегиясына сәйкес, демократия жекелеген тұлғалардың құқықтары мен адам құқықтарын сақтауды, экономикалық еркіндікті қолдап тұрақтылыққа атсалысады [9, p. 3].

Билл Клинтон президент боп сайланғанда оның алдында ауқымды дайын американдық стратегия болған жоқ. Ол қырғи-қабақ соғысынан кейінгі сыртқы саясат стратегиясын жетілдірмегеніне талай рет сынға алынды. Бірақ, оның сыртқы саясаты келісілген көзқараспен негізделген және «демократияны кеңейту» тұжырымдамасында баяндалған. Бұл тұжырымдаманы дамыта отырып, Б. Клинтон мен оның кеңесшілері Американдық ұлттық мүдделерді іске асыруды өзінің саяси құндылықтарын шетелде таратуға сүйенген американдық либералдық интернационалист дәстүрі шеңберінде жұмыс жасады. Олардың американдық қауіпсіздік пен өркендеуге демеу бола алатын ашық нарықтарды кеңейту мен либералды демократияның дамуына жәрдемдесу сияқты амбициялары «жақсылық бірлігі» және «демократиялық құндылықтарға» сенімнің көрінісі болды [10, p. 159].

Клинтон өзінің саясатында негізгі үш мақсатты алдына қойды: қарулы күштерді қайта құрылымдау, шетелде демократияны таратуды ынталандыру мақсатында одақтастарымен ынтымақтастықты жетілдіру және әлемдегі экономикалық жетекшілікті қалпына келтіру. [11, p. 18].

Демократия бейбітшілікті қамтамасыз етеді деген либералды стандарттарға сүйенген Б. Клинтон, оны АҚШ-тың мүдделерін қамтамасыз ететін құрал деп санады. Мемлекеттің алдында тұрған халықаралық қауіптерге Клинтонның көзқарастары, Джон Льюис Гэддистің қырғи-қабақ соғыстың аяқталуы геосаяси парадигманың тоталитаризм не демократиядан интеграция не фрагментацияға өтуді білдірді [12, p. 121]. Осылайша, АҚШ президенті интеграцияның позитивті күштерін ынталандырып, ыдырау күштерінің болашақта үстемдік етудің алдын алғысы келді. Колин Дьюэктің пікірінше, Б. Клинтонның ұлттық қауіпсіздік саясаты негізгі екі талаппен ақталды: біріншіден, АҚШ әлемдегі үстем даражаға болды, екіншіден, демократия мен ашық нарыққа негізделген либералды тәртіпке жауапты болды [13, p. 114]. Сондықтан демократияны таратуды қамтамасыз ету, АҚШ сыртқы саясатының басты элементі болуы керек, өйткені ол американдық гегемонияны сақтайтын халықаралық тұрақтылық пен бейбітшілікке әкелуі мүмкін деген ойлар басым болды. Неоконсерваторлар бұл сияқты АҚШ-тың ерекшелігі мен американдық құндылықтар, ұлттық қауіпсіздік пен халықаралық тәртіп сияқты пікірлерді қолдады. Сонымен қатар, Б.Клинтон еркін сауда жасайтын капиталистік демократиялардың маңызын атап өтті. Өзінің 1991 жылғы Джорджтаун сөзінде, Клинтон, жаһандық демократия мәселелері туралы да ойларымен бөлісті «Жаһандық демокра-тия деп бір бірімен бейбітшіліктегі халықтар, бір бірінің идеялары мен саудаға ашық елдерді айтамыз» [14, p. 115].

1993 жылы Б. Клинтон әкімшілігі бұл көзқарастарға негізделген стратегиясын қалыптастырды. Ұлттық қауіпсіздік бойынша кеңесші Энтони Лейк, демократиялық кеңейту тұжырымдамасын ұсынды. Ол «демократия мен нарықтық экономика үстемдік еткен мемлекеттер бар әлемде, біздің еліміз анағұрлым қауіпсіз, өркендеген әрі ықпалды болады, ал әлем гуманды және бейбіт болады» деп мәлімдеді. Осылайша Лейк «тежеу доктринасынан кейін ашық нарықтық демократия қауымдастығын кеңейту стратегиясы болу керек» деп қорытындылады [15]. Бірнеше күннен кейін БҰҰ Бас Ассамблеясы алдында АҚШ Президенті «біздің ең басты мақсатымыз нарықтық демократияға сүйенген әлемдік қауымдастықты кеңейту мен күшейту болуы тиіс» деп мәлімдеді [10, p. 162].

Демократияны кеңейту мәселелері Б. Клинтон тұсындағы американдық сыртқы саясатын негіздеу риторикасы негізінде жатты. Лейктің сөзі АҚШ-тың ұлтты қауіпсіздік стратегиясына толығымен сәйкес келді. Кірігу мен кеңейту стратегиясында жарияланған американдық саясаттың басты мақсаттары қатарына – АҚШ қауіпсіздігін күшейту, елдегі өркендеу мен демократияны дамыту мәселелері кірді. Б. Клинтон тұсындағы ұлттық қауіпсіздік стратегиясының мазмұны аз өзгерістерге ұшырады [16, p. 37].

Президенттіктің екінші мерзімінде ғана Б. Клинтон әкімшілігі жаңа тәуелсіз мемлекеттеріндегі демократияны дамыту мәселелерін алдыңғы қатарға қойды. Бұл бір жағынан, АҚШ күшінің көбін Ресейдің демократизациясына жұмасауымен түсіндіріледі. 1999-2000 жылдарда жаңа тәуелсіз мемлекеттерге бетбұрысы АҚШ-тың сыртқы саясатының қайта бағдарлауымен байланыстыруға болады. КСРО ыдырағаннан кейін посткеңестік мемлекеттердегі демократизация үдерісі тек жартылай өтті. Бұл мемлекеттердегі демократияны тарату мен кеңейтуді тежейтін факторлардың қатарына жаңа тәуелсіз мемлекеттер жөнінде білімнің болмауы, кей мемлекеттердің геосаяси маңыздылығының аз болуы және бұл елдер жөнінде пессимизмнің болуын жатқызуға болады. АҚШ-тың сыртқы саясатындағы бұл үдерістерімен айналысатын зерттеуші Никола Бушенің пікірінше, АҚШ-тың жаңа тәуелсіз мемлекеттерінде демократияландыру үдерістері ресурстары шектеулі елдерде (Грузия, Армения мен Қырғызстанда) жақсарды, ал ресурстарға бай елдерде (Әзірбайжан, Қазақстан, Түркіменстан, Өзбекстан) бұл үдерістер тежелді [10, p. 168].

Кіші Дж. Буш тұсындағы сыртқы саясаты оның Ирактағы соғысы әрекеттері салдарынан бірталай сынға алынды. Демократияның АҚШ-тың сыртқы саясатында алатын орны туралы пікірталастар символдар, мифтер

және басқа да абстракциялар негізінде жүреді. Буш тұсындағы демократияны тарату мәселелері Египет, Индонезия, Либерия, Россия, Украина және Венесуэла сияқты мемлекеттер төңірегінде айтылады. Бұл орайда, Буштың сыртқы саясатында Ирактың ролі басқа мемлекеттерге қарағанда әлдеқайда артық екенін байқауға болады. Буш әкімшілігінің демократиялық риторикасы тек Таяу Шығыс аймағы ғана емес бүкіл әлемді қамтығаны туралы бірталай атап өтіледі [17, р. 3].

Бұл мәселе Буштың Иракқа басып кіру себептердің қатарына демократияны негіздеуді қосқанда басталады. Өзінің 2003 жылғы Кәсіпкерлік мәселелер бойынша американдық институтында сөйлеген сөзінде Буш: «... әлем демократиялық құндылықтарды таратуға мүдделі, себебі тұрақты және еркін мемлекеттер қырып жою идеологиясының дамуына жол бермейді» деп мәлімдеді. «Еркіндік бағдарламасы» деп аталып кеткен өзінің екінші инаугурациялық сөзінде Буш «Америка – миссиясы бар мемлекет, және бұл миссия біздің ең негізгі сенімдерімізден бастау алады... бұл АҚШ-тың кез келген ел мен мәдениетке, демократиялық қозғалыстар мен институттарға қолдау көрсету болып табылады» деп мәлімдеді [17, р. 3].

Кіші Дж. Буштың пікірінше, кей мемлекеттерде, әсіресе, Таяу Шығыс елдерінде саяси еркіндіктің болмауы саяси экстремизм мен антибатыстық терроризмнің дамуына атсалысады. Сондықтан, бұл елдердегі демократияның дамуына қолдау көрсету терроризмнің түпнегізін жоюға мүмкіндік береді. Осылайша, демократияны ынталандыру АҚШ-тың терроризммен күрес саясатының ажырамас, және орталық элементіне айналды.

Таяу Шығыс саясатынан басқа Буш әкімшілігі жартылай реалистік бағытында да саясатын іске асырды. Бұл саясаттың мәні – Буш әкімшілігі демократияны белсенді талқылап түрлі мемлекеттердегі позитивті саяси өзгерістерді қолдауды жүзеге асыру позициясын ұстанады. Сонымен қатар, Буш әкімшілігі аталған демократия мүдделерімен тоғысатын, сабақтасатын экономикалық және қауіпсіздік мүдделерін іске асыруға назар аударады. Бұл мәселені зерттеумен айналысқан зерттеуші Томас Карозерстің пікірінше, Буш әкімшілігі демократия мәселелерін екінші қатарға ысырып, демократиялық емес мемлекеттермен тығыз қатынастар орнатты [17, р. 8].

Әрине, АҚШ әкімшілігі үшін экономикалық және қауіпсіздік мүдделері үшін демократиялық емес мемлекеттермен тығыз және достастық қатынастарды сақтау жаңалық емес, Буш президенттігі кезінде мұндай жағдайлар көбейді. Бірақ, Буштың орасан зор бағдарламасын жариялай отырып, Фридом Хаустың 45 демократиялық емес мемлекеттердің жартысынан көбімен АҚШ-тың қатынастары танғаларлық.

Президент Барак Обама алдыңғы АҚШ әкімшілігінен мұра болған сыртқы саясаттағы бірталай мәселелермен бетпе бет келді. Елдегі және әлемдегі қаржы дағдарысы аталған мәселелерді біршама күрделендірді. Әлемдік қауымдастық тарапынан АҚШ-тың сыртқы саясатына сенімнің төмендеуі салдарынан Обама әкімшілігі АҚШ-тың демократияландыру саясатын қайта қарастыруға мәжбүр болды. Обама әкімшілігі демократия саласындағы саясаты бойынша өзіндік тәсілге жүгініп, институционалдық және нормативтік шеңбердегі түрлі бастамаларды қолдау мен көпжақты қатынастардың маңыздылығын атап өтеді. Обаманың сыртқы саясатын қалыптастыруына ықпал еткен кеңесшілері – мемлекеттік хатшы Хиллари Клинтон, вице-президент Дж. Байден, қорғаныс министрі Роберт Гейтс және ұлттық қауіпсіздік бойынша кеңесшісі Джеймс Джонс дәстүрлі реализм ағымының өкілдеріне жатқызуға болады. Обама әкімшілігінің ерекшелігі – Буш пен Клинтоннан өзгеше Обама тұсында АҚШ сыртқы саясатында – демократияны тарату мәселелері сыртқы саясаттың бірінші дәрежелі мүдделердің қатарында болған жоқ [18, р. 12].

XX ғасыр мен XXI ғасырлар тоғысындағы АҚШ сыртқы саясаты реализм ағымындағы тұжырымдамаларына негізделген. Бұл АҚШ-тың сыртқы саясатының дәстүрлі тәсілдемелердің біріне жатады.

Сонымен қатар, КСРО ыдырағаннан кейін АҚШ-тың академиялық топтарында униполярлық тұжырымдамасы кеңінен дами бастайды. Американдық зерттеушілердің бір тобы қырғи-қабақ соғысынан кейін, әлемнің биполярлық жүйесі ыдырап, халықаралық қатынастарда тек бір мемлекет үстемдік ететін униполярлық жүйе тұжырымдамасын пайымдады. Олардың пікірінше, қуатты мемлекетке сай, әскери, экономикалық, саяси ресурстар тек бір үстем мемлекет Америка Құрама Штаттарында шоғырланған. Мұндай пікірлер мен пайымдаулар АҚШ-тың сыртқы саясатына тікелей әсер етті деуге болады, себебі бұл мемлекетте саяси шешім қабылдаудың бір ерекшелігінің қатарына халықаралық қатынастар саласындағы теоретиктер мен зерттеушілердің АҚШ-тың үкіметтік құрылымдарда да қызмет атқарулары жатады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Krauthammer Ch. *The Unipolar moment* // <https://www.foreignaffairs.com/articles/1991-02-01/unipolar-moment>.
2. Wohlforth W. *The Stability of a Unipolar World* // *International Security. The MIT Press- 1999- Vol.24, №1. - P.5-41.*
3. Страус А.Л. *Униполярность (Концентрическая структура нового мирового порядка и позиция России)* // *Полит. Политические исследования. - 1997. - №2. – С. 78-91.*
4. Кулагин В. «Демократический мир» как альтернатива мирового развития // <http://russ.ru/%20pole/Demokraticeskij-mir-kak-al-ternativa-mirovogo-razvitiya>.
5. Doyle M. *Kant, Liberal Legacies, and Foreign Affairs*// *Philosophy & Public Affairs. – 1983. –Vol.12. –№3. – P. 205-235.*
6. Акопов А.К. *Политико-исторические концепции мирового порядка в теории международных отношений* // *Научно-технические ведомости СПбГПУ. Гуманитарные и общественные науки. –СПб.: Санкт-Петербургский государственный политехнический университет. – 2013. –Вып. 4(184). – С. 134-141.*
7. Owen J. *How Liberalism Produces Democratic Peace* // *International Security. – 1994. – Vol.19, №2. – P.87-125.*
8. *A National Security Strategy of the United States of America / The White House. - Washington, 1993. – 26 p.*

9. *A National Security Strategy of the United States of America / The White House.* - Washington, 1991. – 37 p.
10. Cox M., Lynch T., Bouchet N. *US Foreign Policy and Democracy Promotion – zopod*, 2013. – 222 p.
11. Auerswald Ph., Duttweiler Ch., Garofano J. *Clinton's Foreign Policy: A Documentary Record.* Kluwer Law International. – 2003. – 296 p.
12. Gaddis J.L. *Towards the Post-Cold War World // Foreign Affairs.* – 1991. –Vol. 70, №2. – P. 102-122.
13. Dueck C. *Reluctant Crusaders: Power, Culture, and Change in American Grand Strategy.* – Princeton: Princeton University Press. – 2006. – 240 p.
14. Clinton B. *American Leadership and Global Change: address at the Centennial Celebration/ US Department: of State Dispatch.* – 1993. Vol.4, №9. – P.113-116.
15. Lake A. *From Containment to Enlargement // https://www.mtholyoke.edu/acad/intrel/lakedoc.html.*
16. *A National Security Strategy for A New Century / The White House.* - Washington, 1998. – 61 p.
17. Carothers Th. *U.S. Democracy Promotion During and After Bush / Carnegie Endowment for International Peace.* – 2007. – 42 p.
18. Carothers Th. *Democracy Policy Under Obama Revitalization or Retreat? / Carnegie Endowment for International Peace.* – 2012. – 58 p.

*List of references:*

1. Krauthammer Ch. *The Unipolar moment // https://www.foreignaffairs.com/articles/1991-02-01/unipolar-moment.*
2. Wohlforth W. *The Stability of a Unipolar World // International Security. The MIT Press- 1999- Vol.24, №1. - P.5-41.*
3. Strauss A. L. *unipolarity (concentric structure of the new world order and position of Russia) // Polis. Political Studies. - 1997. - No. 2. - pp. 78-91.*
4. Kulagin V. *"democratic world" as an alternative to World Development // http://russ.ru/%20pole/Demokraticheskij-mir-kak-al-ternativa-mirovogo-razvitiya.*
5. Doyle M. *Kant, Liberal Legacies, and Foreign Affairs// Philosophy & Public Affairs.* – 1983. –Vol.12. – №3. – P. 205-235.
6. Akopov A. K. *political and historical concepts of the world order in the theory of international relations // scientific and technical statements of Spbgpu. Humanitarian and public Sciences. "No," I said.: St. Petersburg State Polytechnic University. - 2013. - VIP. 4(184). - P. 134-141.*
7. Owen J. *How Liberalism Produces Democratic Peace // International Security.* – 1994. – Vol.19, №2. – P.87-125.
8. *A National Security Strategy of the United States of America / The White House.* - Washington, 1993. – 26 p.
9. *A National Security Strategy of the United States of America / The White House.* - Washington, 1991. – 37 p.
10. Cox M., Lynch T., Bouchet N. *US Foreign Policy and Democracy Promotion-Gorod*, 2013. - 222 P.
11. Auerswald Ph., Duttweiler Ch., Garofano J. *Clinton's Foreign Policy: A Documentary Record.* Kluwer Law International. – 2003. - 296 P.
12. Gaddis J.L. *Towards the Post-Cold War World // Foreign Affairs.* – 1991. –Vol. 70, №2. – P. 102-122.
13. Dueck C. *Reluctant Crusaders: Power, Culture, and Change in American Grand Strategy.* – Princeton: Princeton University Press. – 2006. - 240 P.
14. Clinton B. *American Leadership and Global Change: address at the Centennial Celebration/ US Department: of State Dispatch.* – 1993. Vol.4, №9. – P.113-116.
15. Lake A. *From Containment to Enlargement // https://www.mtholyoke.edu/acad/intrel/lakedoc.html.*
16. *A National Security Strategy for A New Century / The White House.* - Washington, 1998. – 61 p.
17. Carothers Th. *U.S. Democracy Promotion During and After Bush / Carnegie Endowment for International Peace.* – 2007. - 42 p.
18. Carothers Th. *Democracy Policy Under Obama Revitalization or Retreat? / Carnegie Endowment for International Peace.* – 2012. - 58 p.